№ 2 «27» 08 2020 жыл.
Пед.кеңесте каралды.

Бекітемін: С.Т.Қойайдаров
Мектеп директоры:

Келісемін. С.Т. Меруенов
Аудандық білім,дене шынықтыру
және спорт бөлімінің басшысы.
«10» қыркүйек 2020ж № 1 хаттама

# Тақырыбы:Сиқырлы қалам

Сыныбы: мектепалды даярлық

Пайдаланушы:Ғабидоллақызы Б.
мектепалды даярлық
сынып тәрбиешісі

Ә/Б отырысында қаралды:
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама 26 күні 08 айы 2020жыл

Тексерілді: Дарибаева Г.С.
оқу ісінің орынбасары

**2020-2021 оқу жылы**

## Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Себебі, 5-6 жастағы балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған «Сиқырлы қалам» вариативтік бөлік бағдарламасы балалардың бойына математикалық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен меңгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік меңгеруіне жағдай жасайды. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бүлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады.

«Сиқырлы қалам» вариативтік бөлік бағдарламасында берілген тапсырмалар балалардың математикалық түсініктер мен ұғымдарды жеңіл игеруіне ықпал етеді деп ойлаймыз.

**Мақсаты:**
Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру

**Міндеттері:**

- Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;
- Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;
- Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;
- Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;
- Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.

**Мазмұны:**

- Түс және пішін
- Сан және санау
- Бүтін және бөлік
- Геометриялық фигуралармен танысу
- Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындауға жаттықтыру
- 20-ға дейінгі сандарды санауға үйрету
- Заттардың көлемдерін анықтау
- Ауызша есептеу дағдыларын дамыту

**Тақырыптық жоспар үлгісі**

| № | Сабақтың тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Күні | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| I тоқсан | | | | | |
| | Сурет бойынша сызықтарды қосу | Балалардың көз зердесін қалыптастыру | 1 | 3.09 | |
| | Түс және пішін | Түсті және заттардың пішінін ажырата білу | 1 | 10.09 | |
| | Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын,орнын ауыстыру | Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру | 1 | 17.09 | |
| | Заттарды санау. Тура және кері санау | Заттарды санау,әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру | 1 | 24.09 | |
| | «Біз нешеуміз» | Санауға үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту | 1 | 1.10 | |
| | Суретпен жұмыс | Суреттегі заттарды салыстыру,олардың айырмашылықтарын таба білу | 1 | 8.10 | |
| | «Кім қай партада отыр?» (Ойын) | Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге үйрету | 1 | 15.10 | |
| | «Сиқырлы қоржын»(Ойын) | Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру | 1 | 22.10 | |
| | Таныс фигураларды ата | Оқушылардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту | 1 | 29.10 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| II тоқсан | | | | | |
| | Геометриялық фигуралармен танысу | Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру | 1 | 19.11 | |
| | «Сәулетші» ойыны | Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру | 1 | 26.11 | |
| | Қызықты текше | Сандардың ретін меңгерту | 1 | 3.12 | |
| | Көңілді санамақтар | Жылдам санау дағдыларын ұштау | 1 | 10.12 | |
| | «Ойнайық та, ойлайық» | Логикалық есептер шығаруға үйрету | 1 | 24.12 | |
| III тоқсан | | | | | |
| | «Жылдам ойлан!» | Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру | 1 | 14.01 | |
| | Сырсандық білімдарларға | Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға машықтандыру | 1 | 21.01 | |
| | Бүтін және бөлік | Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру | 1 | 28.01 | |
| | Сұйық және сусымалы | Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге үйрету | 1 | 4.02 | |
| | Қай уақыт, сағат неше? | Уақыт туралы түсініктерін дамыту | 1 | 18.02 | |
| | Заттардың орналасуы | Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру | 1 | 25.02 | |
| | Ойын есептер | Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын дамыту | 1 | 4.03 | |
| | Теңге, монеталар. | Балаларға теңге, монеталар жайында алғашқы түсінік беру | 1 | 11.03 | |
| | Ойын «Кім тапқыр?» | Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу | 1 | 18.03 | |
| IV тоқсан | | | | | |
| | Арифметикалық лото (Ойын) | Кестелік қосу және азайту тәсілдерін пысықтау | 1 | 1.04<br>8.04 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кел,балалар ойнайық,ойнайықта,ойлайық! | Қызықты математикалық ойындар ойнату арқылы зейіндерін дамыту | | 15.04 | |
| | Есептер шығару | Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру | 1 | 22.04 | |
| | «Кім жылдам?» | Оқушылардың қосу және азайту таңбаларын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру | 1 | 29.04 | |
| | Тез есепте! | 0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру | 1 | 6.05 | |
| | Ойын есептер «Ойлан тап!» | Балаларды өз бетінше есеп құрастыруға үйрету | 1 | 13.05 | |
| | Математикалық эстафета | Балалардың алған білімін тексеру, бекіту | 1 | 20.05 | |

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. Ш.Х.Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева,Р.Қ.Өміртаева

   Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар
5. Б.М.Қосанов,Р.Қ.Өміртаева

   Математикадан қызықты жаттығулар
6. Ш.Х.Құрманалина,М.Жұмабекова,Р.Өміртаева

   Математикаға арналған дидактикалық материалдар
7. Л.В.Кирилинская, А. Сәулебаева , М.К. Абаева –Бегалиева

   Сиқырлы математика «Шикула және К» 2010 жыл
8. Қызықты сандар құпиясы Алматы-2008 жыл
9. С.Мадалиева Сиқырлы математика елі